



KNASARK

ADDEBMENTI

ОИ ИЕСІ, ӨНЕР ИЕСІ

ЖАНАНЫ аңсап, өнегелі өріс тауып, халықтың игілігі үшін көптің ортасына үлгі шашып, өнер тастаған қайраткердің, өнер иесінің аты ешқашан да ұмытылмайды, қайта уақыт өткен сайын оның халық, қауым алдындағы қасиеті, сіңірген еңбегі ашыла, тереңдей түседі. Мінеки, дәл осындай, біздің заманымызбен бірге жаңғырып, ажарын аша түскен бағалы мұра — азербайжан халқының аса ірі драматург жазушысы, қоғам қайраткері Мырза Фатали (Фатх-Әли) Ахундовтың творчестволық қазынасы.

Ахундов 1812 жылы Нұха қаласында туған. Жастай әкесінен айырылып, жақын ағайыны Әлескердің қолында өседі. Ол Ахундовқа дін оқуын оқытады. Бірақ дін жолы талапты жасты қызықтыра алмайды. Белгілі ақын Мырза Шәфиден ақыл-көнес алғаннан кейін, Ахундов молла болудан мүлде бас тартып, жанаша оқуға, орыс мәдениетін білуге ұмтылады. 1833 жылы ол Нұха қаласындағы орыс-татар училищесіне түсіп, орыс тілін үйренуге күш салады.

Ахундов 30-жылдардың басынан бастап өлең жазумен шұғылданып жүреді екен. Және арап, парсы тілін біліп, шығыс халықтарының әдебиетімен таныс болған соң, алғашқы кезде шығыс классиктерінің үлгісінде жазуды әдет қылады. 1834 жылы Ахундов Тифлис қаласына келіп, содан ұзақ жылдар шығыс тілдерінде жазылған әртүрлі ресми қағаздарды аударатын қызметкер болып істейді. Енді оның жана творчестволық бағыт іздеуіне толық жағдай туады. Ахундовтың аса зер салып үңіле оқитыны Ломоносов, Державин, Карамзин, Пушкин шығармалары болады. Жазушының бұдан кейінгі кездерде жазған шығармаларынан жана үн есіп, халықтық, реалистік сипат айқын көріне бастайды. Сөз жок, бұл оның орыстың озат ой-пікірлерін, әдеби үлгілерін меңгеріп, бойына сіңіріп, содан алған нәрі еді.

Ахундовтың жұртшылық назарын бірден аударған әдеби туындысы — А. С. Пушкиннің өліміне байланысты жазған «Мұнды жыр (қасыда)» атты өлең шығармасы. Осы бір өте әсерлі, сезімге толы жырında Ахундов ұлы Пушкиннің өміріне қастық еткен жауыз топтың жендеттік, жексұрындық ісін әшкерелейді. Пушкин поэзиясының артықшылық қасиеттерін шабыттана айтып, ұлы ақынды «поэзия дүниесінің әміршісі» деп атайды. Совет халықтары әдебиетінің өткендегі өсу жолына мейлінше қанық Мұқтар Әуезов өзінің бір еңбегінде Ахундовтың Пушкин қазасына күйзелген қалың елдің қайғысын, көп ұлтты Россия жұртының ақынға деген мейірімің ол қайтыс болған жылы тебірене жырға қосқанын ерекше атаған болатын. Осы өлең 1837 жылы «Московский наблюдатель» журналында басылды. Орысшаға жазушы өзі аударған. Бұл — М. Ю. Лермонтовтың Пушкин өліміне арнап толғана жазған жалынды жыры. Россияның түкпір-түкпіріне кең тарайтын көп адамның жадында жүрген кез. Енді Лермонтовтың осы жыры сөз болғанда, Ахундовтың өлені де ауызға алынып, оның аты Лермонтовпен қатар аталатын болады. Кейін бұл өленді қарасөзбен орыстың белгілі декабрист-жазушысы А. А. Бестужев — Марлинский аударды. Бестужев 1829 жылы айдауда жүрген жерінен Кавказға ауыстырылған болатын. Ахундов екеуі досжар, жақын болып кеткен. Бұл жағдай Ахундовтың патша саясатын, революциялық күрес, әлеуметтік тартыстың мәнін түсінуіне себепші болғаны сөзсіз.

Ахундов драмалық шығарма жазуға өте-өте көңіл аударған. Бұл салада ол азербайжан әдебиетінде тыннан өрнек салып, жаңадан жол ашқан жазушы болды. Оны «азербайжан Мольері» деп тегін атамаған.

«Молла алхимик Ибраһим Халел»

(М. Ф. АХУНДОВТЫҢ туғанына 150 жыл толуына)



(некаіәти Молла Ибраһим Халил киміакәр») деген комедиялық шығармасында жазушы елді алдап жүрген бір дүниеқор арамза адамның бейнесін жасайды. Әлгі арамза: мен қасиетті тас таптым, бір пұт мысқа бір түйірін косса, түгел алтын болып шығады, деп лақап гаратып, елдің ақшасын жиып алып қашып кетеді. Дәл осындай жалғаншы адамның бейнесі Абайдың «Әзім» атты өлең-әңгімесінде де бар екені белгілі. Сонау «Мың бір түннен» жалғасқан бұл сюжетті Ахундов аңыз-ертегіден емес, өмірдің өзінен алған. Дүлей қараңғылық айықпаған феодалдық дәуірде «шарифат» атынан сөйлеп, елді алдаушылар әлі де арылмаған болатын. Осы сюжетті жазушы әртүрлі топ өкілдерінің типтік образын жасау мақсатына бағындырады. Жоғарғы таптан шыққан мансапқа, малға құмар адамдарды қандай нанымды бейнелесе, адал еңбек қана дәулетке, бақытқа жеткізеді деп санайтын кедей ақын Гаджи Нұридың образын да соншалық шебер суреттейді.

Жазушының тағы бір көрнекті комедиясы «Ботаник мусье Жордан» (некаіәти күсіө Жордан һакими-нәбатат») 1851 жылы Петербургта қойылды, кейін 1906 жылы Парижда басылды.

Жазушының тандаулы шығармаларының қатарына «Саранның бастан кешкендері» («Саркүзәшти-мәрди-хәсис») атты комедиясын қосса болады.

Саудагер Гаджи Қара — ақшаның құлы, ашкөз, саран адам, ол үй-ішін, дос-жарын ақшаға сатып жіберуден тайынбайды. Атақты тұқымнан шыққан Ғайдар бек егін салу, адал сауда қылуды өнімі аз еңбек деп кемсітеді. Мал, дәулетті түзу жолмен іздемей, жаманшылыққа, кезегендікке еліреді, ұрлық пен өтірікке арланбайды. Жазушы халық қамын ойламайтын өзіншіл, өрісі тар адамдарды қатты сынады.

Ахундовтың қарасөз түріндегі көркем шығармасы — «Алдамыш жұлдыздар» («Алдамыш көвакиб») атты повесі. Бұл ескі ұғым-нанымды, мешеулікті әшкерелеудің тамаша үлгісі, өткір мысқыл, ащы сықақты ерекшелік сипатымен көз тартатын шығарма.

Сын-зерттеу еңбектерінде Ахундов көркем әдебиеттің тәрбиелік мәні, өмір шындығын көрсетуі, сөз өнерінің дамуы жайлы бағалы пікірлер айтады. Бұл пікірлері оның әлеуметтік, философиялық көзқарасымен тамырлас, іштей бірлес келеді.

Саяси-философиялық тақырыпты сөз қылатын еңбектеріне көз салсақ, олардың ең бір күрделісі «Кемалуддөвлениң хаттары» («Кемалуддөвлә мәктублары») дей аламыз. Мұнда қоғам өмірінің көптеген өзекті, мәнді мәселелері қозғалып, материалистік, атеистік ой-пікірлер, тұжырымдар айтылған. Сол дәуірдегі қоғамдық жағдайды, таптар арасындағы қайшылық — күресті мольнан талдай келе, Ахундов әлеуметтік өмірді түптеп өзгертпесе, өмірге өнімді өзгеріс, үлкен жаналық кіргізбесе болмайды деп түйеді. Халық феодализм бұғауынан босап, азаттық алса, ел қолына ерік, еркіндік тисе сонда ғана мәдениетке, шынайы ғылым мен өнерге жететін жол ашылмақ, мүмкіншілік тұмақ. Ахундов халыққа бір-ақ ғылым керек дейді. Ол — халықтың арман-мүддесіне, нысана ниетіне орайлас жақын, жаңа заманның талабына сай ғылым. Ал дін мен қандай да болсын ескі нанымды баянсыз іс, күр елес, сағым құғанмен тең деп бағалайды, діннің халықты езудің, қараңғылықта ұстаудың құралы екенін айқындайды.

Халықты қанаушылықты, қаталдықты, ескілік — мешеулікті және діни көзқарасты сынап, әшкерелеу жағынан Ахундов орыстың ұлы ре-

волюционер-демократтары Белинский, Чернышевскиймен үндес шығып отырады. Ахундов шығармаларын оқығанда оның ұлы, өткір сықағы, отты, лепті пафосы революционер-демократтардың еңбектерінің сипат-ерекшеліктері еріксіз еске түсіреді. Осы соңғы аталған еңбегіне Ахундовтың өзі де ерекше мән бергені байқалады, ол оны үш тілде — азербайжан, орыс және парсы тілінде жазып шыққан. Жазушының басқа бірталай шығармасы да сол кездің өзінде-ақ орысша басылды, кейінірек парсы, ағылшын, француз, неміс тағы басқа тілдерде тарады.

Өзінің творчестволық үнімен, жазушылық сипат-сырымен Ахундов қай халыққа болсын жақын, аса қадірлі.

Орыс классиктерінен үйрену, олардың шығармаларын үлгі ету, елге тарату — міне бұл игілікті дәстүрді орнықтыруда қазақ халқының атақты ағартушылары Шоқан, Ыбрай, Абайлар Ахундовқа ілесе, жалғаса шықты, онымен іштей туыстас болды.

Ахундовтың творчествосы, оның озат ой-пікірлері, жазушылық еңбегі жаңа ұрпаққа қызмет етіп, есімі халқымыздың сүйіспеншілігіне бөленді.

Зәки АХМЕТОВ.